

**Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы**  
**2023-2024 оқу жылшының жалпы білім беретін пәндері бойынша**  
**9-11 (12) сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың**  
**ГЕОГРАФИЯДАН 9-11 сыныптарға арналған облыстық кезеңінің**  
**тапсырмалары**

**Тапсырмаларды орындау уақыты- 90 минут.**

*Көмекші құралдар мен географиялық анықтамаларды, атластарды  
қолдануға болмайды*

**A бөлімі. Тақырыптық есептер**

- 1.1 Егер екінші планда өзеннің ені 20 мм болса, 1:2500 масштабтағы пландағы өзеннің енін анықтаңыз. Екінші планның масштабы – 1 см-де 50 м. [1]
- 1.2 Егер өзен арнасы тең бүйірлі үшбұрыш тәрізді болса және өзеннің орташа жылдамдығы 3,7 м/с болса, сол өзеннің шығынын анықтаңыз. [1]
- 2.1 Егер масштабы 1:40000 тіктөртбұрышты егістіктің картадағы ұзындығы 3 см және ені ұзындығынан бес есе аз болса, сол егістіктің ауданын есептеңіз. [1]
- 2.2 Ауыл шаруашылығы серіктестігінің аумағы 1 есептегі сипаттамадағы 30 алқаптан тұрады, онда 420 адам жұмыс істейді. Халықтың ауыл шаруашылығы тығыздығын есептеңіз (1 км<sup>2</sup> егістік жерге шаққандағы фермерлер саны). [1]
3. Бес кіреберісі бар алты қабатты ғимаратта тұратын адамдардың санын есептеңіз. Кіре берісте әр қабатқа 4 пәтерден, әр пәтерге 3,5 тұрғыннан келеді. [1]
- 4.1 Егер Манауста ( $3^{\circ}06'06''$  о.е.,  $60^{\circ}01'29''$  б.б.) астрономиялық уақыт 9:30 болса, нөлдік меридиандағы астрономиялық уақытты анықтаңыз. [1]
- 4.2 22 қыркүйекте Манаустағы Күннің максималды түсү бұрышын есептеңіз. [1]
- 4.3 Манаустағы (GMT-4) нақты уақыт пен астрономиялық уақыт арасындағы айырмашылықты анықтаңыз. [1]
5. 5.1 және 5.2 есептерін шешу үшін келесі тұрақты шамалар мен анықтамалар қажет:  
Биіктікке байланысты температуралық өзгеруі:
- Қанықкан аудада:  $6^{\circ}\text{C}/\text{km}$
  - Қанықпаған аудада:  $10^{\circ}\text{C}/\text{km}$
- Шық нұктесі:** Бұл оның құрамындағы бу қанықкан күйге жетіп, конденсациялана бастаған ауа температурасы.
- 5.1 Салыстырмалы ылғалдылығы 100%-дан төмен 3,75 м/с жылдамдықпен қозғалатын ауа температурасының  $4^{\circ}\text{C}$  тәмендеуіне қанша уақыт қажет болатынын анықтаңыз. [1]
- 5.2 Төніз деңгейінен  $+25^{\circ}\text{C}$  температурадағы қанықпаған ауа жоғары көтеріле бастады. Шық температурасы  $+5^{\circ}\text{C}$  болса, оның тәмпературасы қай биіктікте  $-22^{\circ}\text{C}$  жеткенін анықтаңыз. [1]

(Жалпы 10 балл)

## *B бөлімі. Тест сұрақтары*

1. Солтүстік Македонияның көршілес елдері көрсетілген жауап нұсқасын көрсетіңіз:  
A. Босния мен Герцеговина, Сербия, Албания, Болгария  
B. Босния мен Герцеговина, Хорватия, Словения, Черногория  
C. Сербия, Черногория, Грекия, Болгария  
D. Сербия, Албания, Грекия, Болгария  
E. Черногория, Албания, Грекия, Болгария
  
2. Сауд Арабиясында жиі құмды дауыл соғатын желдің атауы:  
A. Шинук  
B. Сирокко  
C. Шамаль  
D. Мистраль  
E. Левант
  
3. Өнеркәсіптік революция ең алдымен қандай салаларға әсер етті?  
A. Темір, көмір, көлік, тоқыма, химия, тамақ өнеркәсібі  
B. Мұнай, табиғи газ, гидроэнергетика, аэрофарыштық техника  
C. Натуралды шаруашылық, саяжай шаруашылығы, жануарларды қолға үйрету  
D. Автомобиль өнеркәсібі, болат, телекоммуникация, темір жол  
E. Мыс, натуралды шаруашылық, телекоммуникация, аэрофарыштық техника
  
4. Мойнақ СЭСы қай өзенде орналасқан?  
A. Сырдария  
B. Қаратал  
C. Шарын  
D. Сарысу  
E. Арыс
  
5. Орта мұхит жоталарының ортасында орналасқан негізгі топографиялық белгі:  
A. Терен шұнғыма  
B. Рифт аңғары  
C. Ұғысқан жарық  
D. Тау белдеуі  
E. Арад дағасы
  
6. Лаперуза бұғазы қайсыларының арасында орналасқан?  
A. Корсика мен Сицилия  
B. Лабрадор мен Баффин Жері  
C. Сахалин мен Хоккайдо  
D. Испания мен Марокко  
E. Ұлыбритания мен Франция
  
7. Қай дәуір неоген кезеңіне жатпайды?  
A. Плиоцен дәуірі  
B. Олигоцен дәуірі  
C. Плейстоцен дәуірі  
D. Голоцен дәуірі  
E. Палеоцен дәуірі
  
8. Оңтүстік Американың экваторлық тропикалық ормандары:  
A. Пампа

- В. Сертан
- С. Кампос
- Д. Сельва
- Е. Каатинга

9. Жаңа Зеландияның байырғы тұрғындары:

- А. Атапаски
- В. Делаварлар
- С. Навахо
- Д. Маори
- Е. Тлинкиттер

10. Найзағайды бүлттың қандай түрі құрайды?

- А. Қабат (Stratus)
- В. Будақ (Cumulus)
- С. Будақ жаңбырлы (Cumulonimbus)
- Д. Шарбы (Cirrus)
- Е. Қабатты-будақ (Stratocumulus)

11. Төмендегі елдердің қайсысы ЕО мүшесі емес?

- А. Словения
- В. Норвегия
- С. Хорватия
- Д. Болгария
- Е. Румыния

12. Нунатаки дегеніміз

- А. мұздың еруінен пайда болған ойыстар
- В. мұздық аңғарының қабырғасында қалыптасқан терраса
- С. мұздықтың үстіндегі биік, тасты шыңдар
- Д. қатпарланбаған мұздықтардың дрейфі
- Е. глетчер мұзымен жиналған геологиялық шөгінділер

13. Қаланың қала маңындағы аудан (қала маңындағы белдеу) және оған жақын ауылдармен бірге қосылған ауданы:

- А. Қалалық аумақ
- В. Конурбация
- С. Қаланың әкімшілік аймағы
- Д. Агломерация
- Е. Метрополитен аймағы

14. Сипаттама бойынша теңіз атауын анықтаңыз:

Индонезия арапдарымен қоршалған Тынық мұхитының арал аралық теңізі. Оның орташа тереңдігі 1752 м. Теңіз сонымен қатар маржан, балық және басқа теңіз организмдерінің көптеген тұрлерін қоса алғанда, бай теңіз биоэртурлілігімен танымал.

- А. Молукка теңізі
- В. Андаман теңізі
- С. Филиппин теңізі
- Д. Лигурий теңізі
- Е. Коралл теңізі

15. Мавританияның астанасы:

- A. Бамако
- B. Банжул
- C. Нуакшот
- D. Конакри
- E. Ниамей

16. Өзеннің алқаптың түбімен ағуы кезінде пайда болған және су тасқыны кезінде су басқан алқаптың төмен су деңгейінен көтерілген және өсімдіктермен жабылған бөлігі:

- A. Жайылма
- B. Оксбоу көлі
- C. Айналма
- D. Меандр
- E. Қайраң

17. Хром қосындылары зауыты қай қалада орналасқан?

- A. Жезқазған
- B. Қекшетау
- C. Тараз
- D. Ақтөбе
- E. Қостанай

18. Нашар дамыған елдердің көпшілігі демографиялық ауысу моделінің қай кезеңінде орналасқан?

- A. Бірінші
- B. Екінші
- C. Үшінші
- D. Төртінші
- E. Бесінші

19. Қандай химиялық құрамдағы лава ең тұтқыр болып саналады??

- A. Риолитті
- B. Перидотитті
- C. Базальтты
- D. Андезитті
- E. Гранитті

20. Сипаттама бойынша қаланы анықтаңыз:

Бұрында Еуропада Кантон атымен белгілі болған, өз еліндегі үшінші үлкен қала. Інжү өзені аңгарында орналасқан. Әлемге әйгілі жеңіл өнеркәсіп орталығы және елдегі автокөлік өнеркәсібінің ірі орталықтарының бірі.

- A. Сеул
- B. Шанхай
- C. Макао
- D. Гонконг
- E. Гуанчжоу

21. Сипаттама бойынша елді анықтаңыз:

1990 жылдан 2018 жылға дейін ЖІӨ бойынша ең жылдам өскен ел. Мемлекеттің ресми тілдері испан, француз және португал тілдері. Елдің басым бөлігінің климаты Af/Am/Aw (ылғалды экваторлық).

- A. Филиппин
- B. Кабо-Вerde

- C. Экваторлық Гвинея
- D. Шығыс Тимор
- E. Доминикан Республикасы

22. Қате тұжырымдаманы таңдаңыз.

- A. Мәңгілік тоңың еруі парниктік әсерді арттырады.
- B. Хлорфторкөміртектер (CFC) озон қабатын бұзады және бір мезгілде парниктік әсерді арттырады.
- C. Аудағы қатты бөлшектердің ластануы бұлттардың пайда болуына жол бермейді.
- D. Халықтың шамадан тыс көп болуы шөлелейттенуге әкелуі мүмкін.
- E. Жердің орташа температурасының жоғарылауы кейбір аймақтардағы мұздықтардың өсуіне әкелуі мүмкін.

23. Тек бір тіл тобына жататын тілдердің тізімдегі нұсқаны таңдаңыз.

- A. Малай, малагаси, филиппин, сингал
- B. Хинди, словен, албан, күрд
- C. Фин, литва, венгр, саам
- D. Ұйғыр, түрік, әзіrbайжан, күрд
- E. Тибет, корей, дүнген, бирма

24. Гематит минералы қандай металл кені болып табылады?

- A. Темір (Fe)
- B. Алюминий (Al)
- C. Германий (Ge)
- D. Қорғасын (Pb)
- E. Магний (Mg)

25. Процесс пен сол процесс кезіндегі энергияның өзгеруі арасындағы қате сәйкестікті таңдаңыз.

- A. Булану - энергия жұтылады
- B. Балқу – энергия жұтылады
- C. Сублимация – энергия жұтылады
- D. Конденсация – энергия жұтылады
- E. Мұздану – энергия бөлінеді

Келесі сұрақтарда сізге үш мәлімдемeden беріледі. Сұраққа жауап беретін мәлімдемелер ғана бар жауап нұсқасын таңдаңыз.

26. Жасыл революция нені қолдануға енгізді:

- 1. Химиялық тыңайтқыштар
  - 2. Органикалық егіншілік әдістері
  - 3. Механизацияны
- A. Тек 1
  - B. 1, 2
  - C. 1, 3
  - D. 2, 3
  - E. 1, 2, 3

27. Луи Вирттің пікірінше, қалалық жерлерде ауылдық жерлерге қарағанда жиі кездеседі:

- 1. Халықтың жоғары тығыздығы
  - 2. Халықтың едәуір саны
  - 3. Әлеуметтік гетерогенділік
- A. Тек 1

- B. 1, 2
- C. 1, 3
- D. 2, 3
- E. 1, 2, 3

28. Өткізу нарықтарына жақыннырақ орналасу тиімдірек өндіріс мысалдары

- 1. Киімге арналған түймелерді жасау
  - 2. Автокөлік құрастыру
  - 3. Газдалған сусындар өндірісі
- A. Тек 1
  - B. 1, 2
  - C. 1, 3
  - D. 2, 3
  - E. 1, 2, 3

29. Жылы теңіз ағысын (ағыстарын) атаңыз:

- 1. Батыс Аустралиялық
  - 2. Шығыс Аустралиялық
  - 3. Мадагаскар
- A. 1, 2, 3
  - B. 1, 2
  - C. 1, 3
  - D. 2, 3
  - E. Тек 3

30. Осы фактордың қайсысы/факторлардың қайсысы Үндістандағы Черрапунджиді Жердегі ең ылғалды жерлердің біріне айналдырды?

- 1. Гималайға жақын жерде орналасқан
  - 2. Ганг және Брахмапутра аңғарларына жақын орналасқан
  - 3. Бенгал шығанағы маңында орналасқан
- A. 1, 2, 3
  - B. 1, 2
  - C. 1, 3
  - D. 2, 3
  - E. Тек 3

(Жалпы 30 балл)

**БАРЛЫҒЫ 40 балл**

**Сәттілік тілейміз!**